

## **Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақылар төлеу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 226 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 сәуірде № 10797 тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 1-тармағының 59) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.08.2025 № 318 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақылар төлеу қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;
  - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

полиция генерал-лейтенанты

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2015 жылғы 16 наурыздағы  
№ 226 бұйрығымен  
бекітілген

**Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақылар төлеу қағидалары**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.08.2025 № 318 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақылар төлеу қағидалары авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығына үстемеақылар төлеу тәртібін айқындайды.

2. Мерзімді аттестаттау барысында сыныптылық берілген, сондай-ақ мерзімді, кезектен тыс және қайтадан аттестаттау мен қайта аттестаттау кезінде авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларына Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сәйкес үстемеақы төленеді.

3. Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларының сыныптылығы үшін үстемеақылар төлеу авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары басшысының не азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органы басшысының сыныптық беру (растау) туралы бұйрығының негізінде, мерзімді аттестаттау қорытындысы бойынша жүргізіледі.

4. Мерзімді және кезектен тыс аттестаттау өтпеген авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларына авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары басшысының не азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органы басшысының сәйкес бұйрығының негізінде сыныптылығы үшін үстемеақылар төлеу тоқтатылады.

5. Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларына сыныптылығы үшін үстемеақылар төлеу олар қайта аттестаттаудан өткен соң авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары басшысының не азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органы басшысының сыныптылығын растау туралы бұйрығының негізінде қайта жалғастырылады.

6. Авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары құтқарушыларына сыныптылығы үшін үстемеақылар төлеу қайта аттестаттау кезінде құтқарушы сыныптылығын жоғалтқан (растамаған) жағдайда авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары басшысының не азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органы басшысының сәйкес бұйрығының негізінде тоқтатылады.